

**Т. А. Жанбубуков, 2-курс магистранты**  
**Ғылыми жетекшісі: М. Қ. Ынтықбаев, қылмыстық құқық және іс жүргізу**  
**кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, доцент**  
**(«Фемид» Заң академиясы)**

## **АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН АЙДАП КЕТУ МЕН ОЛАРДЫ ТАЛАН-ТАРАЖҒА САЛУДЫҢ АЛДЫН АЛУ**

Тарихи тұрғыдан алғанда, еліміздің аумағы арқылы шығыстан батысқа және кері қарай көлік легі тоқтаусыз өтіп жатты, ал олардың жылжу жиілігі бүгінгі күні де саябырситын емес. Қазақстанның міндеті отандық көлік—коммуникация кешенінің бәсекелестік қабілетін және аумағымыз арқылы өтетін сауда легінің ұлғайтылуын қамтамасыз етуде жатыр.

Көлік құралдарына деген қылмыстық қол сұғушылықтардың алдын алу мақсатында автокөлік құралдарына, оларды жер серігі арқылы әлемнің кез келген нүктесінде тауып алуға мүмкіндік беретін арнайы белгі берушілерді жаппай қондыруға көлік иелерін міндеттеу керек. Еліміздің ірі қалаларында және маңызды магистральдарында арнайы оптикалық қондырғыларды орнату. Ішкі істер министрлігінде ұрланған және айдалып кеткен автокөліктердің орталық мәлімет банкісін құру;

Көлік құралын тексеру кезінде көлік құралының төмендегі ерешеліктеріне назар аудару ұсынылады:

- көлік құралының беткі немесе шеткі терезесі сынған немесе оған зақым келген;
- шеткі терезелер мүлдем жоқ немесе олар пленкамен жабылған;
- көлік құралының бамперінде сызық, тыртықтар бар, белгілі бір жерлері майысқан немесе оның сырт көзге көрінетін деформациясы бар;
- есіктің құлпыларының қасында тесіктер, бұрғылаудың белгілері бар;
- есіктің құлпысы майысқан немесе ол елеулі түрде босатылған;
- от алдыратын құлпы болмаған кезде;
- көлік құралы екі сымды жалғау арқылы от алдырылған;
- көлік жүргізушісіндегі кілт — кілттің көшірмесі немесе кілт мүлдем болмаған кезде;
- көлік құралының мемлекеттік нөмірлері көлік құралының жалпы түріне сәйкес келмейді (өте кір немесе өте таза).

Көлік құралының жүргізушісін тексерген кезде оның сыртқы түрі бойынша жүргізуші машинаға «сәйкес келмейді» назар аудару керек.

Құжаттарды тексеру кезінде полиция қызметкерлері мынадай белгілерге назар аударуы тиіс:

- құжатта оны қолдан жасау белгілері бар (мөр, сөздер мен штамптар анық емес, сәйкес келмейді);
- көлік құралының техникалық құжаттары көлік құралының өзінің агрегаттарындағы нөмірлеріне сәйкес келмейді;
- техникалық тексеруден өткен көлік құралы сырт көзге қарағанда оған мүлдем ұқсамайды.

Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде көлік құралдарын айдап кету және оларды ұрлау қылмыстарын жасайтын қылмыскерлердің мынадай типтерін көрсетуге болады:

Ситуативті қылмыскерлер — бұл қылмыскерлер тек айдап кету қылмыстарын ғана жасайды. Олардың қоғамға қарсы деген көзқарастары жоқ дерлік, криминалдық түрде бұзылмаған тұлғалар;

Қоғамға деген теріс көзқарасы тұрақтанбаған, бірақ жатып ішерлік, бөтеннің мүлкі мен еңбегіне деген немқұрайлылық сенімді түрде санасында орныққан тұлғалар. Олар бөтеннің көлік құралын айдап кету мен оларды ұрлау қылмыстарын жасауы әбден мүмкін, әдетте олардың қылмыс жасауы дайындықсыз жүзеге асырылады;

- Қоғамға деген теріс көзқарасы тұрақты, тәжірибелі, алдында бірнеше рет сотталған, кәсіби ұры-рецидивисттер. Қылмыскерлердің осы типі әдетте көлік құралын талан-таражға

салуға әрекеттенеді, көлік құралын айдап кетуді жасауы сирек. Қылмыстарды жасау үшін ба-  
сым көпшілігінде ұйымдасқан топтарға бірігеді:

– Көлік қылмыстарына қылмыстық қол сұғушылықтардың алдын алу мақсатында  
кәмелетке толмағандардың арасында шетелдік тәжірибені қолданып, әртүрлі ағартушылық  
шараларды өткізу қажет, бұл жұмысқа бұқаралық ақпарат құралдарын тарту қажет;

– Көлік иелерінің арасында көлік құралының қауіпсіздігін сақтаудың ең қарапайым  
деген шараларын қолдануды дәріптеу қажет, бұл жұмысқа бұқаралық ақпарат құралдарын  
тарту қажет;

– Шетелдік тәжірибені пайдаланып, қоғамдық ұйымдармен діріге отырып «Қамқор-  
дың астындағы автокөлік» секілді бағдармаларды жүзеге асыру.

Автокөлік құралдарын айдап кету және оларды талан-таражға салумен күресу мақсатын-  
да құқық қорғау органдары үш бағытта жұмыс істеуі керек:

- а) құқық қорғау органдарының жұмысы нақты сала бойынша бағытталуы тиіс;
- б) көлік құралдарына деген қол сұғушылықтардың «ситуативті» түрде алдын алу,  
яғни көлік құралдарын қорғаныс жүйелерімен қамтамасыз ету, көлік иелерінің арасында  
көлік құралын қорғау шараларын түсіндіріп, дәріптеу;
- в) көлік құралдарын «айдап кетушілермен» олардың «балғын» кездерінде күрес  
жүргізу.

Автокөлік құралдарын айдап кету қылмысымен күресудің бір ғана әрекет емес, кешенді  
құбылыс екендігін ескере отырып, көлік құралдарын айдап кетумен және оларды талан-  
таражға салумен күресудің қылмыстық-құқықтық шараларының бірі ретінде, Қазақстанның  
қылмыстық заңына «Көлік құралының идентификациялық нөмірін қолдан жасау немесе  
жою» атты қылмыстық құрамды енгізгеніміз дұрыс деп санаймыз.